

Е.А. Шынбергенов^{1,2,*}, Н.С. Сиханова¹, А.Б. Қарабалаева³

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

²М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей, Мәскеу қ.

³Астана Халықаралық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: shynbergenov.erlan@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА ТОПЫРАҚТЫҢ ШАЙЫЛУЫН АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Антропогендік әсердің күшеюі егістіктен топырақтың беткі құнарлы қабатының шайылуы мен тасымалдануының жеделдетуі барысында су және жел эрозиясы үдерістерінің дамуына әкеледі. Нәтижесінде шартты түрде былайша сипатталған құбылыс байқалады: шайылу – тасымалдау – топырақтың төменде жинақталуы. Топырақтың шайылуын есептеу бойынша ғылыми ортада ұсынылған әдістемелерге көлемді шолу және талдау жүзеге асырылды. Еліміз аграрлық-индустриялық даму бағытын ұстанған мемлекет болуы себепті, топырақтың құнарлығына байланысты белгілі бір тәуекелдерге барады. Бұл тұрғыда топырақтың ықтимал шайылуының мүмкін болатын даму бағытын анықтауға негізделген болжамдық ғылыми зерттеулердің шұғыл қажеттілігі байқалады. Мақалада 1950 жылдары Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстанның далалық алқаптарында тың игеру барысында эрозиялық процестердің пайда болуы мен даму мәселесі қарастырылған. Жаппай жер жырту су мен жел эрозиясының күрт өсуіне әкелгені көрсетілген. Егістіктердің бір бөлігі құнарлылықтың күрт төмендеуіне байланысты игеруден шығарылды. Эрозиялық модельдерді қолдану негізінде алынған нәтижелер жауынның дамуындағы эрозиялық үдерістердің жылдамдығын бағалау келтірілген. Эрозиялық модельдер бойынша есептеулер нәтижесін тексеру үшін далалық әдістерді қолдану қажеттілігі келтірілген. Топырақтың су және жел эрозиясын бағалаудың далалық және қашықтықтан бақылау әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: Су эрозиясы, топырақтың ықтималды шайылуы, топырақтың шайылу факторлары, топырақ эрозиясының қарқындылығы, топырақтың түзілуі, Қазақстанның гумидті аумақтары, RUSLE.

Y.A. Shynbergenov^{1, 2,*}, N.S. Sihanova¹, A.B. Karabalaeva³

¹Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

²Lomonosov Moscow State University, Russia, Moscow

³Astana International University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: shynbergenov.erlan@mail.ru

Methodological problems of determining soil loss in Kazakhstan

The increased anthropogenic impact leads to an acceleration of loss and transportation of the surface fertile soil layer from the fields and the development of water and wind erosion processes. As a result, a phenomenon is recorded, conventionally described as follows: loss – transportation – accumulation of soils on slopes. A comprehensive review and evaluation of methods for calculating soil loss presented in scientific circles has been carried out. Kazakhstan, being an agro-industrial state, has certain risks associated with soil fertility. In this context, there is an urgent need for predictive scientific research based on determining the possible direction of development of potential soil loss. The article deals with the problem of the development of erosion processes in the virgin lands of Western Siberia and Northern Kazakhstan, developed in the 1950s. It is shown that plowing led to a sharp increase in water and wind erosion. Part of the arable land was abandoned due to the loss of fertility. Estimates of the rates of erosion processes during the development of stormwater runoff, obtained on the basis of the use of erosion models, are given. The necessity of using field methods for verification of calculations based on erosion models is stated. Field and remote methods for assessing water and wind erosion of soils are recommended.

Key words: water erosion of soils, potential soil loss, soil loss factors, soil erosion intensity, soil formation, Kazakhstan, RUSLE.

Е.А. Шынбергенов^{1,2,*}, Н.С. Сиханова¹, А.Б. Карабалаева³

¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда

²Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова, Россия, г. Москва

³Международный университет Астана, Казахстан, г. Астана

*e-mail: shynbergenov.erlan@mail.ru

Методические проблемы определения смыва почв в Казахстане

Усиление антропогенного воздействия приводит к ускорению смыва и транспортировки поверхностного плодородного слоя почвы с полей и развитию процессов водной и ветровой эрозии. В результате регистрируется явление, условно описываемое следующим образом: смыв – транспортировка – аккумуляция почв на склонах. Осуществлен объемный обзор и оценка методик по расчету смыва почв, представленных в научных кругах. Казахстан, будучи аграрно-индустриальным государством, имеет определенные риски, связанные с плодородием почв. В этом контексте наблюдается острая необходимость в прогностических научных исследованиях, основанных на определении возможного направления развития потенциального смыва почв. В статье рассмотрены проблема развития эрозионных процессов на целинных землях Западной Сибири и Северного Казахстана, освоенных в 1950-х годах. Показано, что распашка привела к резкому усилению водной и ветровой эрозии. Часть пашен была заброшена в связи с потерей плодородия. Приведены оценки темпов эрозионных процессов при развитии ливневого смыва, полученные на основе применения эрозионных моделей. Констатируется необходимость применения полевых методов для верификации расчетов по эрозионным моделям. Рекомендуются полевые и дистанционные методы оценки водной и ветровой эрозии почв.

Ключевые слова: водная эрозия почв, потенциальный смыв почв, факторы смыва почв, интенсивность эрозии почв, почвообразование, Казахстан, RUSLE.

Кіріспе

Су эрозиясы – бүкіл әлемдегі құнарлы жерлер мен топырақтың азуының негізгі себебі бола отырып (Borrelli P. et al. 2022: 17-28), көміртегі мен қоректік заттардың айналымына, топырақтың өнімділігі мен тұрақты ауыл шаруашылығына залал келтіру арқылы ғаламдық әлеуметтік-экономикалық жағдайға қауіп төндіреді (Xiong M., Sun R., Chen L. 2019: 31-39) Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында негізгі ғаламдық мәселенің бірі – топырақтың шайылуы болып есептеледі (Лисецкий Ф.Н. и др. 2012: 456; Wang B. et al. 2013: 1-10; Guerra A.J.T. et al. 2017: 27-41). Ол топырақтың жайкүйіне әсер ететін көптеген құрамбөліктердің нашарлауын туындататын бірнеше табиғи және антропогендік факторлардың қатысуы негізіндегі күрделі үдеріс (Borrelli P. et al. 2023: 713-725). Әртүрлі белсенді заттардың әсер етуі салдарынан топырақтың құнарлылығы кеміп, азады (Flanagan D.C. et al. 2002: 13-30; Рейнгард Я.Р. и др. 2012: 258-260; Mondal A. et al. 2016: 1-12). Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) мақсаты 2030 жылға қарай «экожүйелердің тозуын тоқтату және оларды жаһандық мақсаттарға жету үшін қалпына келтіру» болып табылатын экожүйелерді қалпына келтіру онжылдығының басталуымен (2021-2030) Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық

ұйымы (ФАО) топырақ эрозиясын тоқтату үшін шаралар қабылдауға шақырып, осы мәселелерді шешуге едәуір жұмыстар атқарылды (Borrelli P. et al. 2023: 713-725). Топырақ қабатының бұзылуында жаңбыр тамшыларының әрекеті ерекше мәнге ие, салдарынан беткейлік шайылу белгілері пайда болуына әкеп соғады (Pimentel D. 2006: 119-137; Machiwal D. et al. 2015: 183-195). Топырақтың құнарлы қабатының беткейлік шайылудан ысырап болуы ғаламдық деңгейде кең таралған және барлық табиғи экожүйелердің, әсіресе, ауылшаруашылық, орман және жайылымдық алқаптардың өнімділігіне теріс әсер етеді (Pimentel D. 2006: 119-137; Golosov V., Walling D. 2019). Мәселен, БҰҰ Сауда және ауылшаруашылығы ұйымы есебі бойынша адамзаттың пайдаланатын азығының 99,7% астамы топырақтан алынады, алайда, топырақтың жоғалуы көп жағдайда табиғи топырақ түзілу қарқынынан бірнеше есе асып түсетіндігін ескерсек, топырақтың қалыптасу жылдамдығы оның азуынан 10-14 есе баяу өрбиді. АҚШ ауылшаруашылығы алқаптарындағы топырақтың шайылуы жылына орташа есеппен бір гектардан 30 тоннаны құрайды, бұл топырақтың табиғи жағдайда қалыптасу қарқынынан 8 есе жедел (Guerra A.J.T. et al. 2017: 27-41). Ресей, АҚШ, Қытай, Австралия, Үндістан және Африка мен Оңтүстік Американың кейбір елдеріндегідей Қазақстанда

да топырақ эрозиясы кең таралған (Li Z., Fang H. 2016: 94-117). Еліміздің территориясында ауылшаруашылығы алқаптарының 25,5 млн. га. ықтимал топырақ эрозиясы таралған (Almaganbetov N., Grigoruk V. 2008).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы дайындау барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды: ретроспективті талдау, салыстырмалы талдау, жүйелік-құрылымдық тәсіл, типологиялық тәсіл, ұқсастық әдісі.

Топырақтың ықтимал шайылу факторлары

Топырақтың шайылуын анықтайтын қолданыстағы әдістер түгел дерлік белгілі бір факторлар жиынтығынан құралады (жер бедерінің морфометриясы, ауа-райы көрсеткіштері, топырақтың морфологиялық-генетикалық қасиеттері және т.б.). Белгілі бір фактордың басым болуы және/немесе көрсеткіштердің реттілігі зерттеу аумағының нақты жағдайларына байланысты. Ғылыми қауымдастықта топырақтың ықтималды эрозиясының триггерлері әртүрлі тұжырымдалған, мысалы, бір дереккөзде оның климат, топырақ, жер бедері екені көрсетілген (Guerra A.J.T. et al. 2017: 27-41), екіншісінде топырақ шайылуының себебі – жерді пайдалану, өңдеу, климат және топография, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар болып табылады (Blanco H., Lal R. 2010: 21-52). Су және жел эрозиясының қауіпті деңгейін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқауларда (Методические указания ... 2015: 23) факторлардың мынадай үйлесімділігі келтіріледі: климат, жер бедері, топырақ, өсімдік жамылғысы, шаруашылық қызмет, жануарлар әлемі, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. М.Н. Заславскийдің айтуынша, эрозия қаупінің алғышарты келесі жағдайдың нәтижесі болып табылады: климат, рельеф, геология, топырақ, топырақты қорғаудағы өсімдік жамылғысының қызметі, жерді экономикалық пайдалану (Заславский М.Н. 1983: 320), қазіргі авторлардың жұмысында, геологияны қоспағанда, ұқсас факторлар жиынтығы келтірілген (Бурак Ж.А. 2014: 140-146).

Топырақтың шайылу мөлшерінің классификациясы

Әдебиеттерде шайылған топырақты мөлшерлеуді жіктеудің екі тобы бар: сапалық және сандық. Сондай-ақ, топырақ эрозиясын зерттеудің әлемдік тәжірибесінде рұқсат етілген шайылу мөлшерінің белгілі бір шекті мәні бар, оның шегінде бұл үдеріс нақты агроэкономикалық ша-

ралар қолданбай жүруі мүмкін. Белгілі ғалым Д.А. Лобб бастаған зерттеушілер тобы – бұл ұзақ мерзімді егіншілікті қолдауға қабілетті өте төмен қауіптілік деңгейіндегі топырақ класы екенін атап өтті (Lobb D.A., Li S., McKonkey B.G. 2016: 77-89). Америка Құрама Штаттарының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1960 жылы топырақ шығынының максималды рұқсат етілген мөлшерін жылына 5 т/га шамасында қабылдады (кесте 1), бұл топырақ эрозиясын бағалауды кодтау жүйесінің екінші класы – «мардымсыз» шамасына сәйкес келеді (Guerra A.J.T. et al. 2017: 27-41).

Канадада топырақ эрозиясының рұқсат етілген класы «өте төмен» деп белгіленеді және жылына 6 т/га дейін шайылады (Wall G.J. et al. 2002: 117; Lobb D.A. et al. 2007: 377-387, 2016: 77-89; Li S. et al. 2010: 114-117). Ресейде шайылған топырақ мөлшерінің рейтингі айтарлықтай ерекшеленеді (кесте 1), мысалы, «мардымсыз» шаю дәрежесі жылына 0,5 т/гадан (Заславский М.Н. 1983: 320) 2,5 т/га/жылға дейін бағаланады (Балакай Н.И. 2011: 11). Бұған табиғи жағдайлар, құнарлы топырақ қоры, «эрозиятану» ғылымының даму деңгейі, ауыл шаруашылығында басшылыққа алынған стратегия, эрозияға қарсы қабылданған шаралардың сапасы және жекелеген мемлекеттердің басқа да ұстанымдары себеп болуы мүмкін. Ұсынылған 1-кестеде біз еркін қол жетімді басылымдарда ұсынылған шайылған топырақ мөлшерінің градациясын анықтауға тырыстық. Сонымен қатар, бұл бөлім өте кең таралған белгілермен көрсетілген топырақты шаю кластары негізінде жүргізілді. Айта кетерлігі, еркін қолжетімді әдебиеттерде елімізде топырақтың шайылуын мөлшерлеуге байланысты жіктеу туралы мәліметтер келтірілмеген. Мүмкін, мұндай жұмыстар Кеңес Одағы тұсында жүргізілген болар, дегенмен, ол кезден бері 30-40 жыл өтуіне байланысты, жаңа классификацияның қажеттігі байқалады.

Беткейлік эрозия, шайылатын өнімнің массасынан бөлек, топырақтың шайылу жылдамдығын ескереді. Шаюдың қарқындылығы қалыпты немесе жеделдетілген болуы мүмкін, бірінші жағдайда беткі қабатты шаю табиғи топырақ түзілу жылдамдығынан аспайды, ал соңғы жағдайда топырақ түзілу үдерісі топырақ эрозиясына ілесе алмайды, бұл топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкеледі (Заславский М.Н. 1983: 320; Заславский М.Н. и др. 1984: 31-44; Голубев И.А. 2009: 12-15; Лисецкий Ф.Н. и др. 2012: 456; Guerra A.J.T. et al. 2017: 27-41).

1-кесте – Топырақ шайылуының қарқындылығын анықтау тәсілдері

Жіктеу тобы		Шайылу дәрежесі							
		Гумус қорының азаюы / топырақ кескінінің түгелімен шайылуы, %							
C1	1	I	әлсіз		орташа	күшті	өте күшті		
		II	> 30 / > 20		30-60 / 20-40	60-80 / 40-60	80-100 / 60-100		
C2	2	I	Эрозия қарқындылығының межесі / Кеңес Одағы, Ресей						
		II	т/га/жыл						
		I	мардымсыз	әлсіз	орташа	күшті	өте күшті		
		II	< 0,5	0,5-1	1-5	5-10	> 10		
	3	I	Топырақ шайылуының дәрежесі / Ресей						
		II	т/га/жыл						
		I	мардымсыз	әлсіз	бірқалыпты	орташа	күшті	өте күшті	апатты
		II	≤ 2,5	2,6-5,0	5,1-10	10-30	30-50	50-70	> 70
	4	I	Егістікте топырақ эрозиясын бағалаудың кодтау жүйесінің класы / АҚШ						
		II	Эрозия жылдамдығы, т/га/жыл						
		I	шекті шама (Т шамасы)		бірқалыпты	жоғары	күшті	өте күшті	апатты
			өте мардымсыз	мардымсыз					
		II	≤ 2	2-5	5-10	10-50	50-100	100-500	> 500
		5	I	Топырақ эрозиясының класы / Канада					
	II		Топырақтың ықтимал жоғалуы, т/га/жыл						
	I		шекті		төмен	бірқалыпты	жоғары	күшті	
мардымсыз			өте төмен						
II	< 3	3-6	6-11	11-22	22-33	> 33			

Ескерту. C1 – Сапалық; C2 – Сандық;

(1) – Наумов С.В. 1955: 60-67; Швебс Г.И. 1981: 3-116;

(2) – Заславский М.Н. 1983: 320;

(3) – Балакай Н.И. 2011: 11; Методические указания ... 2015: 23;

(4) – Morgan R.P.C. 2005: 11-261;

(5) – Wall G.J. et al. 2002: 117; Li S. et al. 2010: 114-117; Lobb D.A. et al. 2016: 77-89.

Қазіргі уақытта топырақтың эрозиялық ысыраптарын есептеу үшін геоақпараттық жүйелер кеңінен қолданылады, бұл егжей-тегжейлі және жаһандық жалпылау деңгейінде шайылу шамаларын өте дәл бағалай отырып, деректердің үлкен көлемін өңдеуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы заманауи ақпараттық технологиялар бұрын-соңды болмаған үлкен аумақтар үшін эрозияны бағалауға мүмкіндік бере отырып, нақты серпіліс жасады деп айтуға болады. Бұл міндеттер үшін әртүрлі эрозиялық модельдер жиі қолданылады, олар «USLE» (Wischemeier W.H., Smith D.D. 1958: 458-462; 1978: 65) «WEPP» (Flanagan D.C. et al. 2007: 1603-1612), «SWAT» (Gassman P.W. et al. 2007: 1211-1250), «RUSLE» (Renard K. et al. 1997: 404). Көрсетілгендердің ішінде «RUSLE» моделі жиі қолданылады. Эро-


зияны кеңістіктік бағалауды жүзеге асырудың тағы бір ерекшелігі, сонымен қатар оны ГАЗ көмегімен картаға түсіру – деректерді ұйымдастырудың растрлық моделін қолдану. Осы тәсілді қолдана отырып, ірі аумақтар үшін топырақтың ықтимал шығындарын сандық бағалау бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді: Еуропа – RUSLE (Panagos P. et al. 2015: 438-447; Bosco C. et al. 2015: 225-245); Құрама Штаттары (Flanagan D.C. et al. 2007: 1603-1612, 2016: 23-26) және ғаламдық (Borrelli P. et al. 2023: 713-725).

Топырақ шайылуын есептеуде математикалық үлгілердің КСРО тұсында пайдаланылуы
М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті География факультетінің «Топырақ эрозиясы және арналық үдерістер»

ғылыми-зерттеу зертханасында 1980 жылдары КСРО-ның бүкіл аумағын қамтитын су және жел эрозиясы бойынша әртүрлі ауқымды зерттеулер ұйымдастырылды. Солтүстік Еуразияның физика-географиялық жағдайына сәйкес жауын-шашын кезіндегі шайылуды бағалау үшін жетілдірілген топырақ эрозиясының әмбебап теңдеуі (USLE) негізінде және еріген қар ағыны кезінде шайылуды бағалау үшін Мемлекеттік Гидрологиялық Институттың түрлендірілген теңдеуі негізінде құрылған бірыңғай әдістеме бойынша Ресей Федерациясы мен Қазақстанның барлық игерілген тың аудандары үшін топырақ эрозиясының қарқынын бағалау жүргізілді (Ларионов Г.А. 1992: 200). Айта кету керек, эрозиялық модельдер бойынша есептеулерден бөлек, дәстүрлі және соңғы әдістер жиынтығын қамтитын негізгі объектілердегі топырақ эрозиясын бағалау бойынша егжей-тегжейлі далалық зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, егістіктегі топырақтың шайылуын және беткейлердің төменгі бөліктері мен құрғақ арналар желісінің түбінде егістіктен шайылған шөгінділердің жиналуын бағалауға мүмкіндік беретін топырақтық-морфологиялық әдіспен қатар, цезий-137 изотопы маркер ретінде қолданылған радиоцезийлік әдіс қолданылды (Голосов В.Н. 2000: 26-33). Бұл изотоптың шығу тегі техногендік және 1954 жылдан 1970 жылдардың аяғына дейін атмосферадан түскен. Оның ең көп түсуі 1963 жылы КСРО мен АҚШ арасында ашық атмосферада ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы келісімге қол қойылған кезде болды. Зерттеулер жүргізілген негізгі су алаптары Ресей Федерациясының

дала аймағында: Орынбор облысының Тоцк ауданында және Алтай өлкесінің Шелаболихин ауданында орналасқан. Алынған нәтижелер эрозиялық модельдер бойынша шаю қарқынын есептеу тұтастай алғанда еріген қар және нөсер жауын суларынан шайылу кезінде топырақ шығындарының барабар мөлшерін алуға мүмкіндік беретіндігін анықтауға мүмкіндік берді. Алайда, әртүрлі қарқындылықтағы шаю аймақтары орналасуының кеңістіктік заңдылықтарын анықтау үшін есептік деректерді далалық тексеруден өткізген жөн. Орал алды дала аймағының, Батыс Сібірдің оңтүстігі мен Қазақстанның солтүстігіндегі тың жерлерге нөсер жауынның да, еріген қар суының да тең дәрежеде әсер еткенін атап өту маңызды. Әсіресе, еріген қардың ағынды сулары мен шайылу жыл сайын байқалып отырды.

Сол зерттеу бағдарламасы шеңберінде орындалған Солтүстік Еуразия аумағы үшін желдің дефляциялық әлеуетінің есептеулері Батыс Сібірдің оңтүстігі мен Қазақстанның көп бөлігі Солтүстік Еуразия үшін желдің дефляциялық әлеуетінің шекті жылдамдығы 11 м/сек болатын ең жоғары мәндері бар 30 бірлікті құрайтын аймаққа жатады деген қорытындыға келді, ал Қазақтың ұсақ шоқылары шегінде, рельефтің ерекшеліктеріне байланысты, тіпті > 30 (Ларионов Г.А. и др. 1988: 91-102). Желдің эрозиялық әлеуетінің жыл ішіндегі таралуын да ескерген жөн. Батыс Сібірдің оңтүстігі мен Қазақстан аймағы үшін едәуір бөлігі жылдың суық мезгіліне сәйкес келеді (сурет 1).



1-сурет – Батыс Сібірдің оңтүстігі мен Қазақстандағы желдің дефляциялық әлеуетінің жыл ішіндегі таралуы (Ларионов Г.А. 1992: 200 мәліметтері бойынша)

Климаттың жылынуы 1970 жылдардың ортасынан басталғаны белгілі, 1990 жылдары айтарлықтай жеделдеді және бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Осылайша, жаһандық ауа температурасының өсу кезеңінен бері 30 жылдан астам уақыт өтті. Сонымен бірге, осы кезеңде КСРО-ның ыдырауы және жаңадан құрылған тәуелсіз мемлекеттерде туындаған экономикалық қиындықтар, соның ішінде ауылшаруашылық өндірісіне әсер етті (Шынбергенев Е.А., Ермолаев О.П. 2017: 513-528; Golosov V., Walling D. 2019). Бұл 1990 жылдары толыққанды жүргізілмеген тың аудандардың ауылшаруашылық жерлеріндегі эрозиялық процестердің дамуын бағалау бойынша зерттеулерге бірдей әсер етті.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазақстандағы топырақ эрозиясы алғышарты мен зерттелуі

Қазақстанның климаттық жағдайларына байланысты жел эрозиясы жиі кездеседі, оның қарқындылығы тың жерлерді игеру жылдарында тіпті артып кетті (Пашков С.В., Пигалев А.В. 2016: 14-25), сондай-ақ көктемгі қар еру кезеңінде және жылы мезгілде жауған нөсер жауын кезінде әсіре байқалатын су эрозиясы ерекше назар аударады. Эрозияға ұшыраған жерлердің едәуір бөлігі Қазақстанның солтүстігіндегі егістік алқаптарға тиесілі, онда 1954-1960 жылдар аралығында 25,5 млн.га тың және тыңайған жерлер жыртылды, салыстырмалы түрде осы кезеңде Ресей Федерациясында егістік алқаптары 16,5 млн. га-ға өсті (Левыкин С.В. и др. 2018: 216). Қазақстан Республикасында топырақ эрозиясы ірі ошақтары қалыптасуының алғашқы құжатталған фактілері жаңадан құрылған Тың өлкесінде (Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары) тың жерлерді игерудің басталуымен байланысты болды (Мусағалиева А.С., Мусабекова Р.М. 2020: 31-44). Жаппай жер жырту – топырақтың беткі қабатындағы су ағынының ұлғаюына және шағын өзен арналарына түсетін шөгінділер көлемінің өсуіне әкелді. Ресейдің Орал өңірі үшін әр түрлі уақыттағы топографиялық карталарды егжей-тегжейлі салыстыру негізінде жаппай жер жыртудан кейінгі кезеңде олардың шөгуіне байланысты шағын өзендердің ұзындығының қысқаруы анықталды (Голосов В.Н., Иванова Н.Н. 1993: 684–688). Дәл осы кезеңде Қазақстанның тың аймақтарындағы шағын өзендердің лайлануы және ішінара кеуіп

қалуы ұқсас себептерге байланысты болды деп тұжырымдауға болады. Тұрақты су ағындары желісі ұзындығының қысқаруы автоматты түрде құрғақ аңғарлар желісінің ұзындығының өсуіне әкелді. Егістіктен шайылған шөгінділердің көп бөлігі құрғақ сай-салалар желісіне жинала бастады, бұл тұрақты су ағындарына шөгінділердің ағынының азаюына әкелді.

Сонымен қатар, 1950-1960 жылдардағы қатты жел эрозиясынан топырақтың құнарлы қабатының айтарлықтай жоғалуы 1970 жылдардың басында Ресей Федерациясы мен Қазақстанның дала аймақтарындағы егістік алқаптары ауданының қысқаруына әкелді. Дегенмен, жерді пайдаланудағы ең маңызды өзгерістер 1990 жылдардың басында, ең алдымен, Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас дала аймақтарында егістік алқаптардың едәуір бөлігі тастанды жерлерге айналған кезде болды (Левыкин С.В. и др. 2018: 216).

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда эрозияны бағалау бойынша зерттеулер жанданды. Атап айтқанда, Ақмола облысының топырағының эрозиясы мен дефляциясын аймақтың агломерациялық дамуы жағдайында зерттеген ҚР БҒМ География институты жұмыстары назар аударады (Акиянова Ф.Ж., Васильченко Н.И. 2015: 372-376). Дегенмен, алынған нәтижелер дәстүрлі, үлкен аумақтарды қамтитын әдістемеге негізделген, яғни, негізгі телімдер желісіне топокарталарды пайдалану арқылы деректерді кеңістіктік экстраполяциялау. Мұнан бөлек, ҚР-дағы ауыл шаруашылығы алқаптарында су және жел эрозиясының дамуына жартылай сандық баға берілді (Маулен Ж.Е. 2022: 16-20), USLE моделі бойынша есептеулер негізінде Алтай тауларының шағын өзен бассейндері жағдайында топырақтың шайылуы есептелді (Маханова Н.Б. и др. 2020: 56-69; Турыспекова Э.М. және басқалар 2022: 108-119), Солтүстік Қазақстанда жырлардың пайда болу себептеріне талдау жасалды (Пашков С.В., Тайжанова М.М. 2016: 50-63), дала зонасының жартылай қуаң топырағының ықтимал эрозиялануы сипатталды (Koza M. et al. 2022: e13304), жел эрозиясының агенттерін модельдеу жүргізілді (Пашков С.В., Пигалев А.В. 2016: 14-25; Koza M. et al. 2021: 115073). Нәтижесінде, бірқатар аумақтар үшін топырақтың шайылуының есептік мөлшері алынып, олар кең ауқымда өзгеретіндігі анықталды (кесте 1). Еріген қар және нөсер жаңбыр суларының ағыны кезіндегі шаю үдерістерін табиғи күйінде зерт-

теу негізінде шаюдың есептік шамаларын верификациялау немесе эрозиялық үдерістердің қарқындылығын бағалаудың жанама әдістерін пайдалану болмаған кезде алынған деректердің дұрыстығына толық көз жеткізу мүмкін емес. Сондықтан оларды топырақ пен суды қорғау шараларын әзірлеу барысында пайдалануға жарамсыз. Эрозиялық модельдеуді пайдалана отырып орындалған зерттеулер қатарында Қазақстан Республикасын қоса алғанда, Орталық Азиядағы жауын-шашынның эрозиялық индексінің

өзгерістерін болжамды бағалау бойынша жұмыс ерекшеленеді (Duulatov E. et al. 2021: 27-46). Бұл жұмыста климаттық модельдер ансамблі негізінде жауын-шашынның эрозиялық индексінің өзгеру тенденциялары және 2070 жылға дейінгі кезеңге жаңбыр жауған кезде топырақтың шайылуы бағаланды. Алынған мәліметтерге сәйкес жауын-шашынның эрозиялық индексінің және соның салдарынан шаю қарқынының алғашқы пайызының шамалы ғана өсуі мүмкін. Бұл жаңбырдың біркелкі түспеуінің күшеюі аясында болады.

2-кесте – RUSLE моделін және тірек қималарын пайдалану негізінде алынған Қазақстан Республикасының бірқатар өңірлеріндегі топырақты шаюдың қазіргі заманғы қарқынын бағалау нәтижелері

Зерттеу аумағы	Зерттеу пәні	Шаю қарқындылығы, т/га/жыл	Математикалық үлгі	Дереккөз
Ұлан өзені (Ертістің сол саласы)	Топырақ эрозиясы	3,4	RUSLE	Турыспекова Э.М. және басқалар 2022: 108-119
Семей ядролық полигоны (ШҚО, Павлодар, Қарағанды облыстары)	Топырақ эрозиясы	0,356	RUSLE	Асылбекова А.А. және басқалар 2021: 15-24
Нұра өзені	Топырақ эрозиясы	0,13-3,15	RUSLE	Токсанбаева С.Т. и др. 2021: 108-119
Жыланды өзені	Топырақ эрозиясы	189,17	RUSLE	Маханова Н.Б. и др. 2020: 56-69
Солтүстік Қазақстан облысы, «Қызыл Таң»ЖШС	Топырақ эрозиясы	19,5-21,9	Тірек қималары	Озеранская Н.Л. 2015: 41-44

Өкінішке орай, қазіргі климаттық жағдайларда еріген су ағынымен топырақтың шайылуын бағалау бойынша зерттеулер жүргізілмейді. Сонымен қатар, бақылаулардың деректері бойынша Солтүстік Қазақстанның бөгелмеген өзендерінің (Гальперин Р.И. 2013: 3-10) максималды су шығыны барысында жалпы бағытталған уақытша үрдістер көрінбейді, бұл дегеніңіз қар еріген кезде топырақтың шайылуы кем дегенде сол деңгейде қалады деп жорамалдауға мүмкіндік береді. Соңында, соңғы онжылдықтарда Қазақстан үшін жауын-шашын кезінде су эрозиясын анықтау бойынша жарияланған жұмыстарда топырақтың шайылуын бағалау нәтижелерін верификациялау түріндегі дәлелді база жоқ, яғни камералдық жағдайларда алынған есептік мәндерге сүйенеді. Әрине, ең дұрысы, дәлдікті бағалау далалық зерттеулер мен ағынды станцияларында алынған мәліметтермен са-

лыстыру негізінде жасалуы мүмкін. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда өзендердің өлшенген шөгінділерінің гидрологиялық бекеттерде тіркелетін ағын модулі пайдаланылуы мүмкін. Жалпы, қазақстандық Таулы Алтай өзендерінде небәрі 27 бақылау бекеті тіркелген, оның ішінде ХХ ғасырдың 90-жылдарына қарай 13 бекеттен Ертіс өзенінің сол жағалауының қазақстандық бөлігіндегі шағын өзендерде бес стационарда бақылаулар жүргізіліп, 2015 жылға қарай өз қызметін толығымен тоқтатқан (Чигринец Л.Ю., Байсакова М.К. 2014: 120-134; Апсатарова А.Ж., Чигринец Л.Ю. 2015: 105-117). Алайда, нөсер кезінде шаю қарқынын тексеру үшін өзен шөгінділерінің ағыны туралы мәліметтер жеткіліксіз, өйткені шайылған шөгінділердің көп бөлігі беткейлердің төменгі бөліктерінде және құрғақ сай-салалар желісінде қайта бөгеліп қалады.

Қорытынды

ГАЖ-ға интеграцияланған платформаның математикалық модельдерін қолдана отырып, топырақтышаю есептеулерін жүргізу флювиалды процестерді зерттеудің заманауи бағыттарының бірі болып табылады. Әрине, мұндай жұмыс камералдық жағдайда жүргізіледі және олар әлі толық табиғи бақылауларды алмастыра алмайды және бақылау нүктелеріне негізделген тексеруді қажет етеді. Сынақ учаскелері ретінде Қазақстанның ірі су алаптары шегіндегі шағын өзендер бассейндеріндегі беткейлер қызмет ете алады. Сонымен қатар, әлемде топырақтың шайылуын есептеудің көптеген модельдері жасалды және сыналды. Бұл есептеу нәтижелерін

салыстыруға және белгілі бір өзен бассейні үшін қолайлы формуланы таңдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қазақстан мен Батыс Сібірдің оңтүстігіндегі тың жерлер шегінде шайылуды және жел эрозиясын бағалау үшін ең оңтайлы шешім Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы жерлерінде сәтті пайдаланылуы мүмкін радиоцезийлік әдіс болып табылады.

АЛҒЫС СӨЗ

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (грант №BR21882415)».

Әдебиеттер

- Almaganbetov N., Grigoruk V. (2008). Degradation of Soil in Kazakhstan: Problems and Challenges. In: Simeonov, L., Sargsyan, V. (eds) Soil Chemical Pollution, Risk Assessment, Remediation and Security. NATO Science for Peace and Security Series. Springer, Dordrecht. https://doi.org/10.1007/978-1-4020-8257-3_27
- Blanco H. Lal R. (2010) Principles of soil conservation and management // Springer. – pp. 21-52.
- Borrelli P., Poesen J., Vanmaercke M., et al. (2022). Monitoring gully erosion in the European Union: A novel approach based on the Land Use/Cover Area frame survey (LUCAS) // International Soil and Water Conservation Research. – 2022. – Т. 10. – №. 1. – С. 17-28.
- Borrelli P. et al. (2023) Towards a better understanding of pathways of multiple co-occurring erosion processes on global cropland // International Soil and Water Conservation Research. – Т. 11. – №. 4. – С. 713-725.
- Bosco C., de Rigo D., Dewitte O., Poesen J., Panagos P. (2015) Modelling soil erosion at European scale: towards harmonization and reproducibility // Nat. Hazards Earth Syst. Sci., vol. 15, no. 2, – pp. 225-245.
